

FTAMP 16:21:39

*¹А.Б. Амирбекова , ²Л. Уракова , ³Г. Талғатқызы 

¹Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Алматы, Қазақстан;

²Ақдениз университеті, Анталия, Турция;

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: Marghan01@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТІРКЕСУ ЖҮЙЕСІ

Аннотация. Мақалада қазақ тіліндегі тіркесімділік жүйесі мен валенттілік категория құрау әлеуеті қарастырылады. Валенттілік жүйесін құрайтын тіркестердің типтік түрлерін ажырату үшін эксперимент жүргізіледі. Қазақ тіліндегі тіркестерді синтаксистік және лексикалық тіркестер тобы деп екі бөлікке ажыратып қою жеткіліксіз. Қазақ тілінің тіркесімділік қабілетін терең зерттеп, түрлерін кеңейту, заңдылықтарын нақтылау мәселесі көтеріледі. Тіркесімділік – синтагматикалық қатынасқа негізделген тіл бірліктерінің басты қасиеті. Синтагматикалық қатынас – бұл тілдік таңбалардың мәтін, сөйлем, сөз құрамында бірінен кейін бірі қатар орналасу тәртібіне қарай тіл заңдылығына сәйкес үйлесімді тіркесу қабілеті. Тіркесімділік – барлық тіл саласында қызмет ететін лингвистикалық категория. «Тіркесімділік – сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің тіркесуі» деген стереотиптік түсінік тек грамматикалық тіркесімділік нысаны ретінде танылады. Негізінен тіл білімінде дыбыстардың да тіркесе алу, тіркесе алмау әлеуеті болады. Қосымшалардың да түбірге таңдап, талғап тіркесу заңдылығы болады. Сөз бен сөздің де мазмұн және тұрпат межесіне қарай мәнді әрі дұрыс тіркесу қабілеті ескерілетінін білеміз. Ендеше тіркесімділік құбылысы фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тіл заңдылықтарын айқындауда маңызды рөл атқаратын категория болып саналады. Бұл жерде тіркесімділік валенттілік ұғымымен тең дәрежеде қарастырылып отыр. Себебі валенттіліктің өзі дыбыс қабатынан бастап мәтін құрылымындағы барлық тіл бірліктерінің тіркесу қабілетін танытатын негізгі көрсеткіш.

Тірек сөздер: валенттілік, тіркесім, синтагма, комбинация, үйлесімділік, мағына, предикаттық қатынас, анықтауыштық қатынас.

¹А.Б. Амирбекова, ²Л. Уракова, ³Г. Талғатқызы

¹Казахский университет Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылайхана, Алматы, Казахстан;

²Университет Ақдениз, Анталия, Турция;

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
E-mail: Marghan01@mail.ru

СИСТЕМА СЕМАНТИЧЕСКОЙ СОЧЕТАЕМОСТИ СЛОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В статье рассматривается потенциал создания системы категорий согласованности и валентности в казахском языке. Чтобы различить типичные типы фраз, составляющих валентную систему, проводится эксперимент. В казахском языке словосочетания недостаточно разделить на две части: синтаксические и лексические. Будет рассмотрен вопрос о расширении форм, конкретизации закономерностей, углубленном изучении способностей валентности казахского языка. Сочетаемость – основное свойство единиц языка, основанное на синтагматическом отношении. Синтагматическое отношение – это способность языковых символов гармонично сочетаться в соответствии с закономерностью языка в зависимости от порядка последовательного расположения в составе текста, предложения, слова. Сочетаемость – это лингвистическая категория, функционирующая во всех языковых сферах. Стереотипное понятие «сочетаемость – это сочетание двух или несколько слов» признается лишь формой грамматической сочетаемости. Таким образом, сочетаемость является важной категории в определении фонетических, лексических, морфологических, синтаксических закономерностей языка. Здесь сочетаемость рассматривается в равной степени с понятием валентности. Потому что валентность сама по себе является основным показателем, отражающим способность всех языковых единиц в структуре текста, начиная со звукового слоя.

Ключевые слова: валентность, сочетание, синтагма, сочетание, гармония, значение, предикатное отношение, определительное отношение.

¹A.B. Amirbekova, ²L. Urakova, ³G. Talgatkzyz

¹Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan;

²Akdeniz University, Antalya, Turkey;

³Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: Marghan01@mail.ru

THE SYSTEM OF SEMANTIC VALENCY IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article considers the potential of creating a system of categories of consistency and valence in the Kazakh language. To distinguish the typical types of phrases that make up the valence system, an experiment is carried out. In the Kazakh language, phrases are not enough to be divided into two parts: syntactic and lexical. The issue of expanding forms, concretizing patterns, in-depth study of the abilities of the valence of the Kazakh language will be considered. Compatibility is the main property of language units based on the syntagmatic relation. The syntagmatic relation is the ability of linguistic symbols to be harmoniously combined in accordance with the regularity of the language, depending on the order of the sequential arrangement in the composition of the text, sentence, word. Compatibility is a linguistic category that functions in all linguistic areas. The stereotypical concept “compatibility is a combination of two or more words” is recognized only as a form of grammatical compatibility. Thus, compatibility is an important category in determining the phonetic, lexical, morphological, and syntactic patterns of a language. Here compatibility is considered equally with the concept of valency. Because valence itself is the main indicator that reflects the ability of all language units in the structure of the text, starting with the sound layer.

Key words: valency, combination, syntagma, combination, harmony, meaning, predicate relation, attributive relation.

Кіріспе

Тілдік бірліктердің тіркесу қасиеттерін анықтау валенттілік теориясын зерттеуге негізделеді. «Валенттілік» терминін қолдануға қатысты үш түрлі көзқарас бар. Бірқатар лингвистер оны тіл бірліктерінің өзара тіркесуінің ықтимал комбинацияларын дұрыс түсіндіру үшін қолданады. Кейбір тілші ғалымдар оны тек кейбір тіл бірліктерінің жаңа тіркесу тәсілдерін, яғни жаңартылған үйлесімділік қабілетін көрсету үшін қолданады және осылайша оны сөйлеу дағдысына енгізуге тырысады. Бірқатар ғалымдар «валенттілік» терминін тілдің де, сөйлеудің де бойындағы лингвистикалық бірліктердің өзара үйлесу қабілеттерін таныту үшін қолданады (Теньер, 2000).

«Валенттілік» химия саласының термині, бірақ тіл ғылымына тілдік бірліктердің үйлесімділік қабілеттерін көрсету үшін алынған. Себебі, біздің ойымызша, химиялық қосылыстарда екі дүниені біріктіргенде өзара үйлесіп біртұтас затқа айналу ерекшелікті білдіретін ұғымына сәйкес екі сөздің өзара тіркесіп бір атауға ие болу мүмкіндігімен ұқсас болуына орай осы термин таңдалған деп ойлаймыз. «Валенттілік» терминін тіл ғылымына алғаш енгізген ғалым француз лингвисті, құрылымдық бағыттың өкілі Л.Теньер болатын. Л.Теньердің «валенттілік» терминіне қатысты тұжырымдамасының маңызы етістіктің тіркесу ерекшелігін түсіндіруде жатыр. Қай тіл болмасын тіркесімділік үдерісін қалыптастырушы басым компонент етістік болып саналады. Теньер теориясына сәйкес сөйлемдегі етістік ұйытқы, яғни орталық рөліне ие болады. Ғалымның зерттеуінде тіпті сөйлемнің тақырыбы, оның басқа мүшелері тұтастай етістікке және оның мағынасына бағынады (Теньер, 2000).

Материалдар мен әдістер

Құрылымдық лингвистикада валенттілік теориясын қолданған ғалымдардың бірі – С.Д.Кацнельсон. Ол валенттілікті «сөздің сөйлемде белгілі бір жолмен жүзеге асырылу және басқа сөздермен белгілі бір комбинацияға ену қабілеті» деп анықтады (Кузнецов, 2002). 40 жылдан кейін С.Д. Кацнельсон валенттілік ұғымына қысқа анықтама береді: «Валенттілік – бұл белгілі бір сөз категорияларының басқа сөздерді өзіне қосу қасиеті». Әрбір толық мағыналы сөз кез-келген басқа сөздермен үйлесуге қабілетті, бірақ валенттілік синтаксистік қатынастарға түсу қабілетінен гөрі көп». Демек С. Кацнельсонның пайымдауынша валенттілік ұғымы тіркесімділікке қарағанда кең гипонимдік ұғым болып танылады.

Б.М. Лейкина тұжырымы бойынша «валенттілік» термині сол класстың басқа элементтерімен сәйкестену (кездесу) қабілетін білдіреді. Бұл қабілет алдын-ала семантикалық, грамматикалық, экспрессивті және стилистикалық байланысу заңдылығымен, яғни тілдің табиғи заңдылығымен анықталған (Лейкина, 2003).

В.В. Бондцио зерттеуінде тіркесімділіктен гөрі валенттіліктің маңыздылығы жоғары, себебі валенттіліктің модельдерінен тіркесімділік құралады деген тұжырымдар бар. «Бұл жағдайда валенттілік, ең алдымен, сөйлем ішіндегі етістіктердің белгілі бір мүшелерімен үйлесімділігі деп түсініледі, бұл көбінесе етістікті басқарудың дәстүрлі ілімімен, сөйлемдерді модельдеудің негізімен, оның мағынасын түсінумен тығыз байланысты (Бондцио, 2000).

Валенттілік теориясының мәні туралы әртүрлі көзқарастардың болуына қарамастан, валенттілік ұғымы негізінен етістіктің семантикалық мазмұнына қатысты екенін

мойындау керек. Валенттілік, сөздің синтаксистік ұстанымдардың белгілі бір жиынтығына ие болу қасиеті ретінде, кейбір лингвистер валенттілікті тіл элементінің басқа элементтермен үйлесу қабілеті ретінде түсініп, үйлесімділікке қарсы тұрады.

О.С. Ахманова үйлесімділікті сөйлеу кезіндегі сөздердің өзара тіркесу қабілеті ретінде анықтайды (Ахманова, 1971). Н.З. Котелова сөздің үйлесімділігін оның синтагматикалық потенциалдарының жиынтығы ретінде түсіндіреді, оны сөз тіркесі және оның белгілі бір қасиеті ретінде сипаттайды, нақтырақ айтқанда, валенттілік сөз құраушылардың жиынтығы мен шарттары, оның синтагматикалық қасиеттері, байланысы, өзгеруі (Котелова, 1975). М.Д. Степанованың анықтамасы бойынша «валенттілік» терминін «тіркесімділік» синонимі деп санауға болады, яғни «валенттілік» термині морфологиялық бірліктердің ықтимал комбинаторлық қасиеттерін білдіру үшін қолданылады, бұл – жеке компоненттерді әр түрлі тіркестерде түрлі байланысу әрекетіне түсу мүмкіндіктерінің жиынтығы (Степанова, 1973). Сөздің үйлесімділігі – бұл белгілі бір семантикалық тапсырманы орындау үшін белгілі бір сөздермен сөйлеуде біріктіру қабілеті. Демек, сөздің тіркесімділігі оның валенттілік қабілетін жүзеге асыру болып табылады.

Соңғы онжылдықтарда валенттілік теориясы белгілі бір даму жолынан өтті және осы теорияның көптеген қағидалары қалыптасты. Оның пайда болуының алғашқы кезеңдерінде валенттілік тек етістікпен байланысты деп танылса, кейін дамыған сайын сөйлеудегі әрбір сөздің тіркесу үдерісі валенттілік талдауының нысанына айналды. Егер бастапқыда валенттілік етістікті толықтырушы тіркестер жиынтығы деп түсінілсе, кейін ол құрылымдық жүйе ретінде сөздердің үйлесімділігі, тіпті тек сөйлемдердің ғана емес, шылаулар мен қыстырмалардың, сөзге жалғанатын қосымшалардың үйлесімді тіркесуі заңдылығы деп таныла бастады.

Е.С. Кубрякова синтаксистік және лексикалық тіркесімділікті ажырата отырып, біріншісін сөздің басқа сөздермен белгілі бір байланысқа түсуі, сонымен қатар сөйлем құрамында белгілі бір позицияға ие болу қабілеті ретінде анықтады. Ал лексикалық тіркесімділікке сөздердің мағыналық серіктестікте жақын орналасуы, яғни селективті болу қабілеті бойынша ажыратуды ұсынды (Кубрякова, 1979).

Сөздің синтаксистік тіркесімділігі грамматикалық топқа жататындығы, ең алдымен сөйлеу әрекеті үшін қызмет ететінін білдірсе, сөздің лексикалық тіркесімділігі оның жеке семантикалық қасиеттеріне байланысты болады. Бұдан шығатын қорытынды сөйлеу әрекетінде айтылмақ ойды нақты түсінуде синтаксистік валенттіліктің қызметі басым екені байқалады. Синтаксистік тіркесімділік ережелері, әдетте, сөйлемді дұрыс құрастыру заңдылықтарын белгілейді, лексикалық валенттілік айқындауыш, анықтауыш қатынастағы екі сөздің тіркесуінен туған бір атауды ажырату, т.б. заңдылықтармен ғана шектелді. Олар белгілі бір мағыналарды тіркестіру қағидатын ғана емес, сонымен бірге оларды біріктірудің жеке заңдылықтарын анықтауға да жол ашты. Валенттілік сөздің қатар тұруын ғана белгілемейді, олар белгілі бір тіркесімділік комбинацияларының таралуын және бір сөзді басқалармен байланыстыру дағдысын белгілейді. Бірде семантикалық және синтаксистік валенттілік деп аталатын ұғымдар кейбір зерттеушілердің еңбектерінде лексикалық және грамматикалық валенттілік атауына сәйкес келеді.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеуінде лексикалық валенттілік те, грамматикалық валенттілік те зерттелгенімен, қазір жалғастығы бәсеңдеп қалды. Тілдегі валенттілік теориясы үздіксіз қарастырылып тұруы керек. Себебі тілдің үнемі дамып өзгеріп отыратын қасиеті бар.

Қазақ тіл білімінде тілдегі валенттілік мәселесін ғалым М. Оразов зерттеген болатын. М. Оразов сөз мағынасы мен тіркесімділігі арасындағы байланысты анықтауда «...сөздер әрі синтаксистік, әрі семантикалық жақтан байланысады. Байланысқа түскен сөздердің тым болмағанда бір семасы өзара сәйкес келуі не екінші бір сөздегі бір семаменен байланысқа түсу мүмкіндігі болу керек» (Оразов, 1998) деген тұжырым жасайды. Лексикалық валенттілікті қарастырған Г.О. Сыздықова: «Сөз жеке, дербес өмір сүрмейді. Тіл жүйесінде сөздердің бір-бірімен өзара тіркесуі олардың мағыналық сәйкестігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан сөз мағынасы мен тіркесімділігінің арақатынасы сөйлеу үдерісінде сөздердің өзара байланысы негізінде анықталады», – дейді (Сыздықова, 2010). Ғалым Б. Сағындықұлының: «Синтагмалық тіркес құрамындағы сөздердің бірі екіншісінен мағыналық жағынан басымдау болып, өзімен байланысқа түскен сөздің өзіне мағыналық жағынан сәйкес келуін, үйлесуін талап етуі ол сөздің өзекті сөз ретінде танылуына негіз болады» (Сағындықұлы, 1998) деген пікірі де бар.

Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасын зерттеген ғалым Ғ. Хасанов валенттілік дәрежесін анықтауда негізгі ақтанттардың маңызды рөл атқарып, қосалқы ақтанттардың олармен тек селбесіп өмір сүретіндігін айтады. Ғалым Ғ. Хасанов «мүжі» етістігінің ауыспалы мағынасындағы тіркесімділігі негізінде туған «миды мүжіді, миыңды жеп қойды деген тіркестерде семантикалық итерацияның пайда болуын да валенттіліктің пайда болуы» ретінде түсіндіреді (Хасанов, 2009).

Ғалым Б. Момынованың зерттеуі бойынша: «Тіркесімділік заңдылығы – ғасырлар жемісі. Ал тіл тәжірибесінде заңдылықтан ауытқу қателікке ұрындырады. Айталық, тілдегі синоним сөздердің мағыналары бір-біріне қаншама жуық болғанмен, олардың бәрі бірдей бір сөзбен тіркесе бермейді, мысалы: *бет-әлпеті келіскен, келбети келіскен* дегенімізбен, *жүзі келіскен* деуге болмайды; *барып-келіп отыр* деуге болғанмен, *барып-кетіп отыр* деу дұрыс емес. Кейде тіркестердің нормадан ауытқуы көркем мәтін авторларының мақсатты түрде қолданатын стильдік ерекшеліктері болуы мүмкін. Бірақ ауытқулардың тілдің танымдық табиғатын, тіркесім заңдылығын, норманы жете білмеуден болатыны да шындық» (Момынова, 2020).

Байқағанымыздай қазақ тіліндегі тіркесімділік заңдылығы валенттілік теориясы негізінде жіті зерттеуді қажет етіп отыр.

Нәтиже

Барлық тілдер секілді қазақ тілінде де сөздердің тіркесімділік әлеуеті болады. Біз «қ» әрпінен басталатын зат және сын есімді сөздердің тіркесуіне талдау жасадық. Мысалы, «қаба» сөзі – қалың, тығыз, қою мағынасын білдіретін сын есім. Бірақ оның белсенді тіркесетін сөзі сақал болғандықтан, қаба кейде сақал, кейде жал орнына қолданылатын заттанған атауға айналып бара жатыр. Сондай-ақ «қаба» сын есімі көп жағдайда *қаба сақал*, ішінара қаба жал тіркесін құраушы ретінде ғана танымал болғанын аңғарамыз. Негізінен қаба сөзі: *қаба жауған қардай, қаба тұяқ, қаба шапан (этно.)* тіркестерін де құрайтынын біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Демек, тіркесімдер қатары да қоғам дамуы мен тілдік қолданыстың белсенді/белсенсіз болуына байланысты бірде тарылып, бірде кеңейіп отырады.

Келесі сөз – *қабадан*. Бұл – қолданыс аясы тар, кәсіби сөз. Мағынасы – талдан тоқып жасалған, балық аулайтын құрал атауы. Тіркестер қатары шектеулі: *қабадан ау (кәс.), қабадан қайық*. Қазіргі таңда бұл сөздің өзі тұрмақ, ол құралды көріп, қолмен ұстағандар азың қатарында болғандықтан көпшілікке танылмайтын сөз болары айқын. Сондықтан «қабадандай», «қабаданша» деп теңеу тіркестері де жасалмайды.

Демек, сөз қолданыстан шыққан сайын, оның тіркесімділік әлеуеті де әлсірей түседі.

Келесі сөз – *қабақ*. Қабақ – денемүшесі ретінде де, адам мінезін танытушы атрибут ретінде де, сұлулық танытатын эстетикалық белгі ретінде де жалпыадамзатқа таныс атау. Сондықтан қазақ тіліндегі тіркесу әлеуеті өте жоғары. Қабақ сөзінің етістікпен тіркесу валенттілігі адамның қабақ арқылы мінезін, көңіл күйін, эмоциясын білдірудегі мағынасы тұрақты турасында жиі кездесетіні байқалды. Сондай-ақ қабақ сөзінің валенттілік жиілігі тұрақты тіркестер мен бейнелі тіркестер қатарында кең екені анықталды. Мысалы: *қабағы ашылу, қабағы кірбің тарту, қабағы кіржію, қабағы жылыну, қабағы қалыңдау, қабағы сыну, қабағы түсу, қабағы тырысу, қабағына қарау, қабағына қар қату, қабағынан ұғу, қабағын бағу, қабағын жазу, қабағын жабу, қабағын көтеру, қабағын тарс түю, қабақ білдіру, қабақ көрсету, қабақ қағу, қабақ шыту, қабақпен имендіру*.

Қабақ сөзі етістіктермен тіркескенде актант құрылым негізгі сөз – «қабаққа» емес, етістік болып саналады. Себебі предикаттық қатынаста етістіктердің мағынасы басымдыққа ие болады да қабақ өз мағынасын өзгерте қоймайды. Осындай тіркесімділік үдерісінде мағыналас тіркестер қатары қалыптасады. Мысалы, *қабағы тырысу мен қабағы кіржію* тіркестері мағыналас екені айқын. Олардың бір-бірінің арасында мағыналық реңк болуы мүмкін, бірақ түбегейлі мағына өзгерісі болмайды. Демек, негізгі сөзі ортақ предикаттық қатынастағы тіркестердің сөйлеу барысында атау тудырудан гөрі стильдік қызметі басым екенін дәйектеледі.

Қабақ сөзіне қатысты анықтауыштық қатынастағы тіркестердің әрқайсысы бір-бір мағынаны білдіретін, бірінің орнына бірі қолданылмайтын ұғымдық мәні бар тіркестер ретінде көрініс табады. Сондықтан ол тіркестердің мағынасын ажыратып түсіндіру аса маңызды. Себебі олар лексикалық (семантикалық) валенттілік жүйесін құрайды. Мысалы:

Ай қабақ – сұлу жүзді, қас-қабағы келіскен мағынасындағы поэтикалық тіркес.

Алтын қабақ – күміс ақшаны нысана етіп, той-думанда мергендік сынасатын ойын атауы, этнографиялық атау.

Ашық қабақ – жайдары, ақ көңіл, ақ жарқын мағынасындағы бейнелі тіркес

Бөкен қабақ – бөкеннің қабағындай биік, көтеріңкі, сыртқа қарай шығыңқы, түксиген тік қабақ.

Бөрі қабақ – түксиген қалың қабақ

Бүркіт қабақ – түксиген қалың қабақ, қатал суық жүз мағынасындағы бейнелі тіркес.

Жылы қабақ – ілтипат, мейірім, ниет, пейіл мағынасын білдіретін тұрақты тіркес

Кірбің қабақ – ренжу, жақтырмау мағынасындағы тұрақты тіркес

Қу қабақ – тапқыр, амал-айлашыл адамды сипаттайтын тұрақты тіркес

Қыңыр қабақ – жат мінезді, теріс қылықты адамды сипаттайтын тұрақты тіркес

Күн қабағы – күн райы, бұлтты болған күн мағынасын білдіретін тұрақты тіркес.

Осы талдаудан байқағанымыз анықтауыштық қатынастағы тіркестер, көп жағдайда лексикалық валенттілік жүйесі тіркестердің типтік жіктелімін анықтауға, тіркес түрлерін ажыратуға мүмкіндік береді.

Келесі талдау сөзі – *қабырға*. Бұл сөзді талдауда тіркестерге тән ерекшелік бағыныңқы және басыңқы компонент ретіндегі синтаксистік және лексикалық қызметін анықтауға мүмкіндік туады. Алдымен негізгі сөз басыңқы компонент болып келгенде оның көпмағыналы қасиетін аңғарамыз. Мысалы:

Қабырға1 – дене мүшесінің анатомиялық бөлігі мағынасында жиналған валенттік

жүйесіндегі тіркестер саны өте көп. Себебі қабырға – жалпыадамзаттық медициналық атау. Жануарлар мен адамда болатын дене мүшесі. Сөздің танымдылығы, адам үшін, табиғат үшін маңызды мүше болуына қарай тіркесімділігі де басым. Мысалы: *қабырғасы қатаю, қабырғасы мүжілу, қабырғасы сыну, қабырғасы майысу, қабырғасы қату, қабырғасы ырсию*, т.б. Сол сияқты балуан қабырға, бұғана қабырға, қара қабырға, сүбе қабырға тіркестері де негізгі мағынасындағы тіркестерді құрайды.

Қабырға² – математикалық термин. Бұрышты фигуралардың бұрыштарын қосатын кесінді. Қабырғаның бұл мағынасындағы тіркестер тар сала аясында ғана қолданылатын болғандықтан қолданысы аз болуы түсінікті. Мысалы: *қабырға ұзындығы, қабырға өлшемі, қабырғалар қосындысы*, т.б. Бұдан шығатын қорытынды терминдік атаулардың тіркесімділік жүйесін әлеуетті деп айта алмаймыз. Себебі ондай тіркестердің қатары да аз болады және қолданыс жиілігі де шектеулі болады.

Қабырға³ – тірек сүйеніш мағынасындағы тіркесімдер көп болмағанмен бейнелі тіркестер қатарын құрау әлеуеті бар. Мысалы: *қабырғасы қайысу, қабырға ағайын, қабырғасы сөгілу, қабырғасымен кеңесу, қабырға болу, қабырғасы қақырау*.

Қабырға⁴ – бір заттың қапталы мағынасы бейнелі тіркестерді тудыратын негізгі белсенді компонент деп танылады. Мысалы: қабырға газеті, қабырға жол, қабырға өрнек, қабырға тігіс.

Тіл білімінде сөз тіркесі объектілерінің аса қажеттісі – тіркесімділік категориясы. Осы кезге дейін А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ы.Маманов, М.Оразов, А.Ысқақов, С.Исаев, Т.Сайранбаев, М.Жолшаева сынды ғалымдардың сөз таптыры мен септік жалғауларының тіркесі туралы жазылған еңбектері бар. Дегенмен, тіркесімділік тіл білімінің барлық салаларын қамтығандықтан, оны категория ретінде танығандықтан зерттелінуі керек тұстары көп. Қазақ тіл білімінде құрама сөздер, күрделі сөздер, тіркес сөздер, сөз тіркесі, түйдекті тіркестер, тұрақты тіркестер, бейнелі тіркестер, поэтикалық тіркестер, атаулық тіркестер, предикаттық тіркестер, т.б ұғымдар А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ тілтанушы ғалымдардың, соның ішінде грамматика, сөз мәдениетін зерттеген ғалымдардың еңбегінде жіті зерттелген. Бірақ тіркесімділікті категория ретінде зерттеу, аталған әрбір тіркестің өзіндік айырым белгілерін айқындау, семантикалық, грамматикалық өлшемдерін (параметрлерін) анықтау, екі сөздің тіркесуінен туындаған семантикалық үдеріс, оның даму (өзгеру) механизмі, аударма синтагмасындағы сөздің семантикалық үйлесімін зерттеу, автоматты аудару жүйесінде тіркес сөздерді мағынасына қарай дұрыс таңдау тетігін зерттеу, қазіргі БАҚ тіліндегі калька аудармалардың сөз мәдениетіне кері әсерін тьпо үшін, тіркесімділік заңы мен ережелерін әзірлеу қоғам сұранысындағы тілдің өзекті мәселесі деп ойлаймыз. Сондықтан тіркесімділік категориясын құрылымдық лингвистикадағы білімдер жүйесіне сүйене отырып, когнитивтік аспектіде зерттеу, қазақ тіліндегі тіркесімдердің семантикалық қағидаларын анықтауды тіл біліміне қажетті зерттеу деп таныдық.

Талқылау

Әлемдік лингвистикада «белсенді» және «белсенсіз» валенттілік жүйесі енгізілді. Белгілі бір сөздің белсенді валенттілікке ие болуы сөйлемдегі тәуелді мүшелерін бағындыру қабілетін байқалады. Жоғарыда қарастырылған валенттілік түрлерінен басқа тіл динамикасында категориялық және жеке тіркесімділікке қарсы тұру үдерісі де болады. Категориялық тіркесімділік – бұл белгілі бір топқа енетін барлық элементтерге тән валенттілік. Категориялық синтаксистік валенттілік, ең алдымен, сөздің белгілі бір

лексикалық және грамматикалық категорияға (сөйлеу бөлігіне) жататындығына байланысты. Мысалы, сөйлеу бөлігі ретінде етістік зат есімге қарағанда мүлдем басқа валенттілік қасиеттерімен сипатталады. Категориялық валенттіліктен айырмашылығы, жеке валенттілік тұтас емес, белгілі бір топтың жеке элементін сипаттайды. Грамматика үшін, атап айтқанда синтаксистік құрылым үшін, негізінен категориялық (стандартты) валенттілік тән. Мысалы, септік жалғаулар барлық есім сөйлемдерді етістіктермен, шылаулармен, есімдермен байланыстырып, тіркеске түсіреді. Қазақ тілінде жеті септік бар. Соның ішінде бүгін біздің жекелеп қарастыратын табыс септік жалғаулары. Табыс септігі ертедегі Орхон-Енисей, Күлтегін жазба ескерткіштерінде кездеседі. Мысалы, «Аны субуғ баралым» (Анга өзенімен барамыз), «Бен өзүм білге Тоңукук Өтүкен йеріг қонмыс» (Балтабаева, 1984).

Етістіктерді іс-әрекеттің еңбек процесінде сабақты және салт етістік деп бөлеміз. Сабақты етістіктерге тікелей табыс септік жалғауындағы сөздерді талап етіп, іс-әрекеттің қимылмен жүретін етістіктер болады. Жоғарыда келтірілген мысал табыс септігінде тұрғанмен, барлық сөздер бұлай сараланған салт, сабақты етістіктердің жалғауларында нормативті ұстап тұр деуге келмейді. Мағыналық жағынан салт етістікте тұрып, табыс жалғаулы сөздермен қозғалыстың бағытын, көлемін, мекенін білдіреді. Оған Орхон-Енисей ескерткіштерінен «Көгмен йышығ йорып, Өтүкен йеріг қонмыс» (Мен өзім данышпан Тоңукук Өтүкен жерінде қонғанмын) деген мысалдар бар. Осы мысалдар негізінде табыс септігі ең алғаш пайда болып, ғасырлар бойы қолдану аясының, өрісінің кең екендігін дәлелдей түсетін сияқты. «Об употреблении винительного падежа во всех этих языках следует еще сказать, что винительный падеж используется не только как падеж дополнения, требуемый глаголом, – он может также выражать отчуждение во времени и пространстве» (Исаев, 1997).

Ерте кезде табыс септігінің жалғаулары қазіргі қолданыстағы кімді? Нені? ғана емес әлдеқайда көп болуы да мүмкін екенін ескерген жөн деп білеміз. Ең соңында пайда болған шығыс және көмектес септік жалғауларының орнына табыс жалғаулары қолданылып келді. Маңыздылығы сол етістіктерді тіркестіріп қоймай, сабақты және салт түрлеріне бөлуге негіз болды. Ғалым А. Аблақов мынандай жалғаулар болғанын көрсетеді: 1. -ғ, -г (дауысты дыбыстардан соң), -ығ, -іг, -уғ, -үг (дауыссыз дыбыстардан соң). 2. -н, -ын, -ін, -ун, -үн (меншіктілік, тәуелділік мәнді білдіретін қосымшалардан соң). 3. -н, -ны, -ні. Орхон-Енисей ескерткіштерінде бірінші топтағы қосымшалар кеңінен қолданған (Аблақов, 1984). Кейіннен -ғ қосымшалары да, сөзде қолданылу жиілігі азайып, уақыт өте келе қолданыстан өте кеміп кетті.

Ерте кезде тілде тұрақты тіркестер бірден қалыптаспады. Әу баста барлығыда еркін тіркесте тұрып, уақытпен бірге өзінің тіркесіп тұрған сөзімен жаңа мағына беріп тұрақты тіркеске айналды. Жиі тіркесіп қолданылу барысында тұрақталып, тұрақты қолданды. Тұрақты тіркестерге тоқталған себебіміз, ежелден келе жатқан тіркестердің басым бөлігі табыс септігін жалғауында кездеседі екен. Мысалы, көзді ашып жұмғанша, Айды аспанға шығарды, Тілді үйіреді және т.б сөз тіркестері.

Қазақ тіліндегі сабақты етістіктері мағынасы жағынан өзге түркі тілдес халықтармен сәйкес келеді. Соның ішінде ертедегі ортақ түркілік сөздер біздің тілімізде көбірек сақталған. Кей тілдерде сабақты етістіктер мен салт етістіктердің орын алмасуы да кездесіп отырады. -Ғ, -Қ дауыссызының сөз құрамында сақталған нұсқасын қазақ тілінен көбірек кездестіреміз. Дегенмен, біздің тілде алғашқы мағынасынан ажырап, ауыспалы сөзде кездесетін етістіктерді келтірсек: «Бақ» – өзге тілдерде қара, қарау деген мағынасын сақтап, табыс септігінің жалғауында сөз тіркесіне жиі түседі. Бұл

мағлұматтар М. Қашқаридың еңбектерінде де кездеседі. Қашқари жазбаларының сол кезде актив қолданыстағы сөздерді жазып отырғанын еске алсақ, «бак» – бір нәрсеге қарау етістігінде қолданған. Осы мағына Түрік, Өзербайжан тілдерінде әлі қолданады. Гөзленіре бир бак (gözlerine bir bak), бак не гузел сөйлеміш (bak ne güzel söylemiş). Қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінде «қара» сөзі қолданылады. Бұдан шығатын қорытынды түркі тілдерінде ортақ салт, сабақтылық етістіктер әр тілде әр түрлі берілгенімен, жалпы ережесі сақталған. Шығу тегінен өзгеріске ұшырап, дамып, тілдің ыңғайына қарай жетілген тұстары бар. Көпшілігінде сабақты етістіктер табыс жалғауымен тіркеске түскенін көреміз.

Табыс септігінің жалғаулары негізінен объектілерге жалғанады. Мысалы, есікті ашты – есікті жұлқа ашты, сөмкені көтерді – сөмкені жерден көтерді, әйелді тапты – әйелді іздеп тапты. Табыс септігін қажет етіп тұрғанда, қажетсініп тұрмаған сөйлемдердің негізі объектіге бағытталып тұр. Қазақ тілінде жазылатын көркем әдеби шығармалардың 30 % табыс септігінің жалғаусыз түрін қолданатынын ғалым Ж.К. Балтабаева статистикалық талдауда анықтайды (Балтабаева, 1984). Жалпы, бұндай зерттеулер бұрында қызу талқыға түскен тақырыптардың бірі болған. Өзбек тілінде де статистикалық зерттеу жүргізген Иноятев өзбек көркем әдебиетінде 35 % жалғаусыз қолданғанын көрсеткен. 1846 жылы А. Казембек «Общая грамматика турецко-татарского языка», «Алтай тілінің грамматикасы» атты екі еңбегінде де «табыс септігінің жалғаулы немесе жалғаусыз келуін оның белгілі, белгісіз зат болуына тікелей байланысты» деп көрсетеді.

Түркологтар табыс септігінің жалғауларын өз тіліндегі нұсқаларын зерттеп жазып қалдырды. Н.И. Ашмарин, И. М. Насилов, Н.К. Дмитриев т.б. ғалымдар пікірлері бір ойға тоғысады, әр тілдегі мысалдармен көрсетіп отырған. Сөздердің тіркесуі тіркеске енетін сөздердің семантикасы мен олардың қолданылу, қалыптасу дәстүріне байланысты. Өзара мағыналық байланыста айтыла алатын сөздер ғана синтаксистік байланыста, белгілі сөз тіркесінің құрамында айтыла алады» деген көрнекті ғалым С. Исаев (Исаев, 1997).

Белсенді валенттілік жүйесін синтаксистік қатынастағы тіркестер құрайтын болғандықтан, олардың ішінде етістіктер қатынасы бірнеше түрге жіктеле алады.

А.М. Мухин етістіктердің әр түрлі лексикалық-семантикалық топтарының валенттілігін қарастыра отырып, валенттіліктің мына түрлерін сипаттайды:

1) нысанды валенттілік. Зат есім немесе затқа қатысты сөз бен етістіктің тіркесуі. Бұл жағдайда етістіктің өтпелі болатын ерекшелігінен етістіктің барлық нысанмен тіркесе алу мүмкіндігін аңғарамыз.

2) жанама валенттілік. Етістіктердің орын тәртібін сақтап тіркесу мүмкіндігі. Бұл тіркестерге қалып етістіктердің тіркесуі, күрделі етістіктердің жасалуы негіз болады. Нысан валенттіліктің жанама валенттіліктен айырмашылығы лексика-комбинаторлық нұсқалары көп болады (Мухин, 2012).

Қорытынды

Тіркесімдерге сандық және сапалық тұрғыдан қарау барысында қазақ тілінде предикаттық қатынас пен анықтауыштық қатынасты тіркестер санының көптігі анықталды. Сондай-ақ сөздік материалдарын жинастырғанда кез келген есім сөздің етістікпен предикаттық қатынасының және мағыналық байланысуының шегі болатыны байқалды. Мысалы, *қанат: қанат қағу; қанатынан айырылу; қанаты талу; қанаты жаралану; қанаты болуы; қанатын көтеру; қанатын басу; қанатын сылап-*

сипау, қанатын тіреу; қанатқа ілу; қанаттары айқасу; қанатын соғу; қанаты бекіді; қанаты қатқан, қанаты қатаю; қанаты қайырылу, қанатын жаю, қанатын жинау, қанатын қырықты, қанатын қомдады, қанатын тартты; қанатымен ұшу; қанатымен су себу т.б.

Сол сияқты тіркестің басыңқы мағыналы сыңары сындық немесе заттық мағынадағы айқындаушы сыңарымен тіркескенде семантикалық үйлесім болуы тиіс. Мысалы: *қос қанат, ақ қанат, оң қанат, сол қанат, құс қанаты, үлкен қанат, кіші қанат, сынық қанат, қарлығыаш қанат*. Бұл тіркестер – анықтауыштық қатынасқа құрылған тіркестер.

Бірақ, тіл динамикасында сөз тіркестерінің семантикалық үйлесімділігі бір номинативтік атауға қызмет ете алған жағдайда тіркесу қабілетін жоғалтып, жеке сөзге айналып, атаулық мағынанаға ие болып кетуі де сөздік материалдарынан көрініс тапты. Мысалы, *құс қанаты* (құстың қанаты) деген анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі: біріншіден, жыл құстары келе бастаған кезде жауатын соңғы қар – *құсқанаты* (біріккен сөз, зат есім), екіншіден, білезікке жүргізілетін өрнек атауы – *құсқанаты* (азаттық, еркіндік символын бейнелейтін, құстарға байланысты туған ою-өрнектер) атауына айналған. Сондай-ақ *пилотный* (проект) ұғымын аударуда *қанатқақты* (жоба) аудармасы атаулық ұғымды білдіріп, тіркес күйінде емес, бірігіп жазылатын болған.

Жартылай толымсыз матаса байланысқан сөз тіркестерінің алдыңғы сыңарының грамматикалық формасы түсіріліп тіркесетін және тіпті матаса байланысу бола тұрса да ілік септеулі жалғауды қажет етпей тіркесетін синтаксистік құрылымдарға, синтаксис заңдылықтарына назар аударылды. Мысалы, *жүрек жылуы, есік жақтауы* – толымсыз түрде матаса байланысқан сөз тіркестері болғанымен, кейде олардың грамматикалық формалары толық сақталып жазылатын нұсқалары да жарыспалы қолданылады: *жүректің жылуы, есіктің жақтауы* т.б. Ал кейбір термин сөздерде жартылай матаса байланысқан тіркестердің алдыңғы сыңарының грамматикалық формасы сақталмай, түсіріп жазу тұрпаты жиі кездеседі. Мысалы, *басқару жүйесі (басқарудың жүйесі), мекеме басшысы (мекеменің басшысы), хан сарайы (ханның сарайы)*. Мұндай тіркестердің екінші нұсқалары айтылудан да, жазылудан да ығыстырылып бара жатқаны – бүгінгі күнгі жанды үдерістің көрінісі.

Тіркес сөздердің атаулық тіркеске айналуы, идиомалық және тұрақты тіркестердің біріккен бір атауға айналу үдерісі қарқынды екені анықталды. Соған орай сөз тіркестерінің синтаксистік қатынас заңдылықтары (предикаттық, анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық), сөздердің аналитикалық және синтетикалық байланыс жүйесі үнемі зерттеуді қажет етеді.

Information about the authors:

Amirbekova Aigul – candidate of philological Sciences, Abylai Khan Kazakh University of international relations and world languages Almaty, Kazakhstan E-mail: marghan01@mail.ru;

Urakova Lazzat – University Akdeniz, Turkey, Antalya, gulalyzhan@mail.ru;

Gulnara talgatovna – 2nd year doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ӘДЕБИЕТТЕР

Аблақов А. (1986) Қазақ тіліндегі табыс жалғаулы сөз тіркестері. – Алматы. – 211 б.
Ахманова О.С. (1971) Вопросы оптимализации естественных коммуникативных

систем. – Москва. – 211 с.

Балтабаева Ж. (1984) «Семантико-стилистические функции неоформленного родительного и винительного падежей в казахском языке» // Кандидаттық диссертация, – Алматы. – 165 б.

Бондзио В. (2000) Теория валентности и обучение языку / ИЯШ. Москва. – №5. – С. 14-25.

Исаев С. (1997) Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы. – 256 б.

Котелова Н.З. (1975) Значение слова и его сочетаемость (к формализации в языкознании) / Н.З. Котелова. – Ленинград. – 164 с.

Кубрякова Е.С. (1979) Лексическая и синтаксическая сочетаемость слова и ее отражение в процессах словообразования. – Москва.

Кузнецов А. М., Кацнельсон С.Д. (2002) // Отечественные лингвисты XX века. Ч. 1 / отв. ред. Ф.М. Березин. Москва: ИНИОН РАН, – С. 392.

Лейкина Б.М. (2003) Глаголы становления и глаголы начинательности в современном английском языке. – Ленинград. – 405 с

Момынова (2020) Б. Күрделі құрылымды терминдердің жазылуы және тіркесімдер сөздігінде қамтылуы. // Фб

Мухин А.М. Структура предложений и их модели // <https://www.studmed.ru/> 14 02.2012.

Оразов М. (1998) Қазақ тілінің семантикасы. Алматы. – 220 б.

Рамстед Р.И. (1950) Введение в алтайское языкознание. Москва. – 421 б.

Сағындықұлы Б. (1998) Қазақ тілінің лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы. – 196 б.

Степанова М.Д. (1973) Теория валентности и валентностный анализ. – Москва. – 261 с.

Сыздықова Г.О. (2010) Қазақ тіліндегі семантикалық валенттілік: фил. ғыл. докт. дис. автореф. Алматы. – 168 б.

Теньер Л. (2000) Основы структурного синтаксиса / Л. Теньер // Вступ. ст. и общ. ред. В.Г. Гака. – Москва: Прогресс, – 656 с.

Хасанов Ғ. (2009) Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.02.02 мамандығы бойынша / Хасанов, Ғабит Қайыржанұлы, – Алматы. – 46 б.

REFERENCES

Ablakov A. (1986) Successful phrases in the Kazakh language. – Almaty. – 211 P. [in Kazakh].

Akhmanova O. S. (1971) questions of optimization of natural communication systems. – Moscow. – 211 P. [in Russian].

Baltabayeva Zh. (1984) “Semantic and stylistic functions of the original native and vinitic pad in the Kazakh language” // PhD thesis, Almaty. – 165 P. [in Kazakh].

Bondzio V. (2000) Theoryvalence and language training / IASH. Moscow. – No. 5. – p. 14-25.

Isaev S. (1997) Reflections on the Kazakh language. – Almaty. – 256 P. [in Kazakh].

Kotelova N. Z. (1975) The Meaning of words and its meaning (to formalize in the language) / N.Z. Kotelova. – Leningrad. – 164 P. [in Russian].

Kubryakova E.S. (1979) Lexical and syntactic meaning of words and their reflection in

the processes of speech. – Moscow. [in Russian].

Kuznetsov A.M., Katsnelson S.D. (2002) // Domestic linguists XX Vek. H. 1 / OTV. Ed. "I'm Sorry," He Said. Moscow: INION RAN, – P. 392. [in Russian].

Leikina B.M. (2003) Glagolye stanovleniya and glagolye beginning in the modern English language. – Leningrad. – 405 s. [in Russian].

Momynova B. Spelling of complex structured terms and their inclusion in the dictionary of combinations. // FB 12. 03. 2020. [in Kazakh].

Muhin A.M. (2012) // <https://www.studmed.ru/>. [in Kazakh].

Orazov M. (1998) Semantics of the Kazakh language. Almaty. – 220 P. [in Kazakh].

Ramsted R. I. (1950) Introduction to the Altai language. Moscow. – 421 P. [in Russian].

Sagyndykuly B. (1998) Etymological bases of the development of vocabulary of the Kazakh language. – Almaty. – 196 P. [in Kazakh].

Stepanova M.D. (1973) Theory of Valentines and Valentines analysis. – Moscow. – 261c. [in Russian].

Syzdykova G.O. (2010) Semantic Valence in the Kazakh language: Phil. science. doct. dis. abstract. Almaty. – 168 P. [in Kazakh].

Teniere L. (2000) Fundamentals of structural syntax / L. Teniere // introduction. St. and general. Ed. V. G. Gaka. – Moscow: Progress, – 656 P. [in Russian].

Khasanov G. (2009) Lexical syntagmatics of the Kazakh language: diss prepared for the degree of Doctor of Philological Sciences. abstract. Specialty 10.02.02 / Khasanov, Gabit Kairzhanovich, Almaty. – 46 p. [in Kazakh].